

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Польша Республикасының Кәсіпкерлікті дамытудың поляк агенттігі арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 323 қаулысы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Польша Республикасына 2002 жылғы 23-26 мамырдағы ресми сапары және 2002 жылғы 23-24 қыркүйекте Астана қаласындағы Қазақстан-поляк сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының төртінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-поляк ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Польша Республикасының Кәсіпкерлікті дамытудың поляк агенттігі арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
мен Польша Республикасының Кәсіпкерлікті дамытудың
поляк агенттігі арасындағы өзара түсіністік пен
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Польша Республикасының Кәсіпкерлікті дамытудың поляк а г е н т т і г і ,

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы шағын кәсіпкерлік саласындағы екі жақты ынтымақтастыққа жаңа серпін беруге ниет білдіре отырып, тең құқықты және өзара тиімді негізде ынтымақтастық орнатуға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының талаптарына сәйкес және өз құзыреті шеңберінде Тараптар ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арасындағы өзара тиімді және әріптестік байланыстарды дамытуға жәрдемдесетін болады.

2-бап

Тараптар халықаралық, ұлттық және мамандандырылған көрмелерге, жәрмеңкелерге және Тараптар мемлекеттерінің аумағында өткізілетін басқа да осы сияқты шараларға Тараптар мемлекеттерінің шағын және орта бизнесі өкілдерінің белсенді қатысуына ықпал ететін болады.

3-бап

Тараптар инвестицияларды тарту, Тараптар мемлекеттерінің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арасындағы сыртқы экономикалық қатынастарды дамыту мәселелерінде бірлескен ынтымақтастықты дамытатын болады.

4-бап

Тараптар шағын кәсіпкерлікті құқықтық және қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі ақпаратпен, мерзімді басылымдармен және шағын және орта бизнес саласындағы басқа да ақпараттық материалдармен тұрақты негізде алмасып отырады.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің шағын және орта бизнесі өкілдерінің қатысуымен бірлескен семинарлар, кездесулер, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге Тараптар жәрдемдесетін болады.

6-бап

Осы Меморандум Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалар арқылы өзгертілетін және толықтырылатын болады.

7-бап

Осы Меморандумды қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

8-бап

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бір Тарап осы Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар бойынша екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап үш ай өткенге дейін к ү ш і н д е қ а л а д ы .

Осы Меморандумның қолданылуын тоқтату Тараптардың осы Меморандум ережелерінің негізінде келісілген және қолданылуын тоқтату сәтіне аяқталмаған жобалар мен бағдарламалардың орындалуына, сондай-ақ осы Меморандумның ережелерін іске асыру мақсатында жасасқан шарттардың қолданылуына әсерін т и г і з б е й д і .

2003 жылғы " _____ " _____ қаласында, әр қайсысы қазақ, поляк, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі үшін

Польша Республикасының
Кәсіпкерлікті дамыту
поляк агенттігі үшін